

**«6D090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Төлебаев Нұрбол Насирбекұлының «Қазақстанда әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкерлерді қоғамдық қабылдау» диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесші**

### **ШКІРІ**

Диссертация тақырыбының өзектілігі әлеуметтік жұмыстың ғылыми және тәжірибелік білімінде жоғарғы сұранысты көрсетеді. Соңғы бес жыл көлемінде елімізде және әлемдегі әлеуметтік жұмыстың көрінісі саяси және қоғамдық күтулер мен әлеуметтік жұмыс туралы түсініктер тұрғысынан айтарлықтай өзгерді: білім беру мен оқытуға деген көзқарастар; нормативтік – құқықтық база және әлеуметтік саланың мемлекеттік секторында жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкерлер үшін өзгермелі еңбек нарығы жағдайында олардың біліктілік құндылығы тұрғысынан мүмкін одан да көп болуы.

Осы диссертациялық жұмыста Қазақстандағы әлеуметтік жұмысты қоғамдық қабылдауға және «қоғам» әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкерлердің саласы мен қызметіне қатысты қаншалықты ақпараттандырылғанын, сондай ақ, осы кәсіптің маңыздылығы мен құндылығы бар екенін түсінуге арналған зерттеулердің соңғы деректерін ұсынуға әрекет жасалды.

Әлеуметтік жұмыс Қазақстанда салыстырмалы түрде жас мамандық болып табылады және өзінің даму қарқындылығына қарамастан, кәсібилендіруді игерумен байланысты белгілі бір қиындықтарға тап болады. Әлеуметтік жұмыстың тарихи және табиғи дамуына байланысты, әлеуметтік ынтымақтастық және қолдау дәстүрлерін сақтау сияқты құрылымдық мәселелерден бөлек, әлеуметтік жұмыстың дамуында шектеулі кедергілер бар. Осындай кедергілердің бірі әлеуметтік жұмыс және оның мүмкіндіктері туралы қолжетімді және ашық ақпараттың болмауы, сондай ақ, қазақстандық қоғамда қалыптасқан әлеуметтік қызметкерлердің теріс бейнесі болып табылады. Әлеуметтік жұмыс туралы әлеуметтік қызметкерлер өз кәсіптері аясында орындайтын көптеген қызметтер мен функциялары туралы сенімді ақпарат пен білімнің болмауы кәсіптің теріс бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкердің жағымды имиджін құру қажеттілігі әлеуметтік жұмыстың қоғамдық қабылдауын зерттеу мәселесін өзекті етеді. Әлеуметтік жұмыс тиімділігінің факторы ретінде қоғамдық қабылдауды зерттеудің маңыздылығы осы жұмыстың қоғам үшін жоғарғы маңыздылығы мен оның төмен әлеуметтік мәртебесі мен беделі арасындағы қайшылықты анықтайды. Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік жұмысшылардың төмен әлеуметтік мәртебесін түсіну, қоғамдық

кабылдаудың дамуына әсер ететін негізгі факторларды зерттеу әлі де өзекті болып отыр.

Диссертациялық зерттеуде әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкердің кәсібін қоғамдық кабылдауды ғылыми тұрғыдан түсіну нәтижесінде зерттеуде қойылған мақсат пен міндеттермен қатар ғылыми нәтижелер де анықталды. Олардың ішінде ғылыми тұрғыдан жоғарғы қызығушылықтарды келесілер туындатады:

- әлеуметтік жұмыс ұғымының ғылым мен тәжірибе ретіндегі тұжырымдамасын әртүрлі зерттеу түсіндірулеріне негізделген мәселені жан – жақты зерттеуге тұжырымдамалық көзқарасты негіздеу. Ұсынылған тұжырымдамалық тәсіл өзгерістердің негізгі сипаттамаларын анықтау және түсіндіру үшін жүйелі және салыстырмалы әдіснамалар құралдарын кешенді пайдалану негізінде әлеуметтік жұмысты және оны елдің жоғарғы оқу орындарында даярлау мен қайта даярлау жүйесін жетілдіру үшін бірқатар ұсынымдар ұсынуға мүмкіндік береді;

- әлеуметтік қызметкер мен әлеуметтік жұмысты мансап ретінде заманауи кабылдауды түсіну, сондай ақ, үміткердің пікірінше, әлеуметтік – психологиялық көмек көрсету кезінде клиенттердің қарсылығын азайтуға көмектесетін, осылайша әлеуметтік қызметкерлерге өзара сенімді құра отырып тиімді және нәтижелі қарым – қатынас жасауға мүмкіндік беретін осы жұмысты дұрыс кабылдауды қалыптастыру;

- әлеуметтік жұмыстың мансап ретіндегі қолайлы бейнесін қалыптастыру Қазақстан халқының әртүрлі әлеуметтік қызметтерді өтінуге және алуға әсер ететін психикалық кедергісін төмендетуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік қызметкер мансабының ерекшелігін және әлеуметтік қызметкердің функцияларын дұрыс түсіну халықтың мұқтаж санаттарына көрсетілетін қызметтердің спектрі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді;

- әлеуметтік қыбылдаудың дамуына әсер ететін негізгі факторларды анықтау әлеуметтік қызметкерлер мен әлеуметтік қызметкердің төмен әлеуметтік мәртебесінің себептерін түсінудің кілті болып табылады. Қызықтыратыны, әлеуметтік жұмысты қоғамдық кабылдау ұзақ уақыт бойы мансаптың дамуына әсер етеді. Осылайша, жағымды имиджді құру болашақта талантты әлеуметтік қызметкерлердің кең ауқымын тартуға ықпал етеді.

Жұмыста жоғарғы әдіснамалық деңгейдегі теориялық дискурс ашылып, әлеуметтік жұмыстың негізгі шеңберлері мен тұжырымдамаларын тұжырымдайтын парадигмализм тұрғысынан терең зерттеу ұсынылды; мәліметті ұсыну дәйектілігі сақталды; жұмыстың барлық құрамдас бөлімдерінің логикалық байланысы байқалады. Докторант алған нәтижелер ғылыми және тәжірибелік негізделген мазмұнға ие және жұмыс құрылымында және ғылыми пайымдау логикасында көрсетілген ішкі бірлікпен сипатталады.

Үміткердің сөзсіз артықшылығы мен қосқан үлесі дәлелденген және сапа (сенімділік), сан (жеткіліктілік), реттілік (ұқсас нәтижелермен салыстыру) және әртүрлі тәсілдерді түсіну өлшемдеріне негізделген үш кезеңде орындалған жұмыстың әдіснамалық негізделген эксперименттік бөлігі болып табылады. Зерттеулер университет комитетінің этикалық мақұлдауын алды. Зерттеулерге қатысушылардың айқын қызығушылығымен сұхбатқа ақпараттандырылған және тұрақты келісім берулеріне ерекше назар аударылды. Қатысушыларға құпиялылық және жасырындылық туралы, олардың қатысудан бас тарту құқығы және алынған деректер қалай пайдаланылатындығы туралы түсініктемелер берілді. Зерттеуде Алматы қаласы тұрғындарының, сондай ақ, Қазақстанның түрлі жоғарғы оқу орындарының білім алушыларының және тиісті лауазымдарда жұмыс істейтін сарапшы – әлеуметтік қызметкерлердің мақсатты сандық репрезентативтік іріктемесі пайдаланылды.

Тұтастай алғанда, диссертациялық жұмыс тәжірибелік және теориялық маңызы бар және Қазақстандағы әлеуметтік жұмыстың дамуына белгілі бір үлес қосатын ғылыми нәтижелерді, қорытындылар мен ұсынымдарды қамтитын дербес, тұтас және аяқталған зерттеу болып табылады.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, «Қазақстанда әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкерлерді қоғамдық қабылдау» диссертациялық зерттеуі докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап беретін дербес білікті ғылыми еңбек болып табылады, ал оның авторы – Төлебаев Нұрбол Насирбекұлы «6D090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші:**

**әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық  
университетінің  
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс  
кафедарсының меңгерушісі,  
әлеуметтану ғылымдарының докторы,  
профессор**



**Әбдірайымова Г.С.**

Қолын растаймын  
Подпись заверяю  
*Билалбаева Над*